

Қысқарған сөздердің жазылуы

§1 Жарнама мәтінінде бірнеше сөздің бас әріптерінен құралған компания, мекеме атауларының бірінші әріптері жазылады. Әріптердің арасына ешқандай тыныс белгісі қойылмайды. Мысалы: *ҚТЖ - Қазақстан темір жолы, ҚНРДА – Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.*

§2 Компания атауы латын графикасында бас және кіші әріптермен жазылуы мүмкін. Мысалы: *JLC - Joint Lactel Company, bcc - Bank Center Credit.*

§3 Компанияның меншік құқығы және құрылымдық ерекшелігі туралы ақпарат бас әріптермен қысқартылып жазылады. Мысалы: *ЖК - жеке кәсіпкер, ШҚ - шаруа қожалығы, ЖШС - жауапкершілігі шектеулі серіктестік, АҚ - акционерлік қоғам.*

§4 Мекеменің меншік формасы және құрылымдық ерекшелігі туралы ақпарат бас әріптермен қысқартылып жазылды. Мысалы: *КМК - коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын, РТРК - Республикалық телерадио корпорациясы, ҚБ - қоғамдық бірлестік, ШЖҚ - шаруашылық жүргізу құқығындағы.*

§5 Компания немесе мекеменің толық атауын құрайтын тіркес алғашқы буындарынан қысқарып, қысқарған буынының бірінші әрпі бас әріппен, қалғандары кіші әріппен жазылып, кейінгі әріптер бас әріппен жалғастырылып жазылады. Мысалы: *ҚарУ, ҚазҰУ.*

§6 Компания немесе мекеменің толық атауын құрайтын алғашқы сөздің бірінші буыны қысқарып, қысқарған буынының бірінші әрпі бас әріппен, қалған бөліктері кіші әріппен кірігіп жазылады. Мысалы: *Қазатомөнеркәсіп, Қазфосфат.*

§7 Компания немесе мекеменің толық атауын құрайтын тіркес алғашқы буындарынан қысқарып, қысқарған буындар компанияның немесе мекеменің қысқарған атауын құрап жазылады. Мысалы: *ҚазАгро, QazaqGaz, ҚазТрансОйл.*

§8 Әртүрлі салада жиі қайталанатын сөз тіркестері мен терминдер қысқартылып жазылады. Мысалы: *БСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі, СО - сауда орталығы, УДЗ - ультра дыбыстық зерттеу, БК - бағалау көрсеткіші, ҚҚС - қосымша құн салығы.*

§9 Қысқарған сөздерге қосымша қысқарып тұрған әріптің әуеніне қарай жалғанады. Мысалы: *СІМ-нің, ЖШС-ға, ҚҚС-ға, м²-ін, СҚББ-мен, ҰБТ-дан, CRM-ді, IELTS-мен, kz-тегі, QR-ды.*

§10 Адамның аты-жөні (көбінесе өз есімі мен әкесінің аты) қысқартылып, бас әріппен белгілегенде, әр әріптен кейін нүкте қойылады. Мысалы: *М. О. Әуезов, Ә. Кекілбай.*

§11 Жарнама мәтіндерінде мемлекет атауларын қысқартқанда әр сөздің бірінші таңбасы бас әріппен жазылады. Әріптер арасына нүкте қойылмайды. Мысалы: БАӘ - Біріккен Араб Әмірліктері, АҚШ - Америка Құрама Штаттары, ЕО - Еуропа Одағы, РФ - Ресей Федерациясы.

§12 Республикалық телеарналардағы жарнамада мекенжай туралы ақпарат бергенде облыс атауларын қысқартып жазудың бірнеше түрін қолдануға болады.

Үлгілер:

Облыстың толық атауы	Жартылай қысқартып жазу	Толық қысқартып жазу	Бас әріптермен қысқартып жазу
Абай облысы	Абай обл.	Аб. О	АБА
Ақмола облысы	Ақмола обл.	Ақм. О	АҚМ
Ақтөбе облысы	Ақтөбе обл.	Ақт. О	АҚТ
Алматы облысы	Алматы обл.	Алм. О	АЛМ
Атырау облысы	Атырау обл.	Атр. О	АТЫ
Батыс Қазақстан облысы	Батыс Қаз. обл.	БҚО	БҚО
Жамбыл облысы	Жамбыл обл.	Жам. О	ЖАМ
Жетісу облысы	Жетісу обл.	Жет. О	ЖЕТ
Қарағанды облысы	Қарағанды обл.	Қар. О	ҚАР
Қостанай облысы	Қостанай обл.	Қос. О	ҚОС
Қызылорда облысы	Қызылорда обл.	Қыз. О	ҚЫЗ

Маңғыстау облысы	Маңғыстау обл.	МО	МАҢ
Павлодар облысы	Павлодар обл.	ПО	ПАВ
Солтүстік Қазақстан облысы	Солтүстік Қаз. обл.	СҚО	СҚО
Түркістан облысы	Түркістан обл.	ТО	ТҮР
Ұлытау облысы	Ұлытау обл.	ҰО	ҰЛЫ
Шығыс Қазақстан облысы	Шығыс Қаз. обл.	ШҚО	ШҚО

§13 Республикалық телеарналардағы жарнамада мекенжай туралы ақпарат бергенде елді мекен статусын анықтайтын атауларды қысқартып жазуға болады. Мысалы: *облыс - обл., аудан - ауд., көше - көш., даңғыл - даңғ., ауылдық округ - ао, жол - ж., тас жолы - тас ж., станция - ст.*

§14 Республикалық маңызы бар Алматы, Астана және Шымкент қалаларының атауын жарнама мәтінінде қысқартып беруге болады. Аталған қала атауларын қысқартып жазудың келесі үлгілері кездеседі.

Қаланың толық атауы	Жартылай қысқартып жазу	Қысқартып жазу	Үлкен әріптермен жазу
Алматы қаласы	Алматы қ.	Алм. қ.	АЛА
Астана қаласы	Астана қ.	Аст қ.	АСТ
Шымкент қаласы	Шымкент қ.	Шым. қ.	ШЫМ

§15 Жарнама мәтінінде мемлекеттік мекемелердің және соларға қарасты ұйымдардың атауларын бірге жазғанда иерархиялық тәртіп бойынша ірісінен кішісіне қарай қысқарған атауларын жазады. Мысалы: *ҚР ҒЖБМ ТСК - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті.*

§16 Жарнама мәтінінде ірі мәндерді білдіретін бүтін сандарды қысқартып беруге болады. Мысалы: *100 миллион - 100 млн, 8 миллиард - 8 млрд, 5 триллион - 5 трлн.*

§17 Жарнама мәтінінде өлшем бірлік атауларын ерекше қажет жағдайларды есептемегенде қысқартып, кіші әріппен жазған жөн. Мысалы: *сағ, м, км, кг, т, мб.*

§18 Жарнама мәтінінде өлшем бірлік атауларын халықаралық танылған белгіленімі арқылы қысқартып жазуға болады. Мысалы: *терабайт - TB, герц - Hz, вольт - V, киловатт - kW, мегаватт - MW, ат күші - hp.*

§19 Ауданды, көлемді білдіретін өлшем бірлік атауларын қазақ тілінде қысқартып, кіші әріппен белгілеуге болады. Мысалы: *шаршы метр - м², м² ш.м., текше сантиметр - см³, см³, т.см.*

§20 Екі не одан да көп өлшем бірлігі қосындысынан тұратын күрделі бірліктердің атауын қазақ тілінде немесе халықаралық белгіленімге сәйкес жазуға болады. Мысалы: *сағатына километр - км/сағ, сағатына миллиампер - mAh, секундына тераФЛОП - ТФЛОП/с, минутына айналым - айн/мин, киловатт - кВт.*

§21 Жарнама мәтінінде халықаралық ұйым атаулары түпнұсқа тілдегі үлгіде жазылады. Мысалы: *UNESCO, UEFA, FIDE.*

§22 Жарнама мәтінінде ақпарат өңдеудің халықаралық технологиялық стандарттары атаулары түпнұсқа түрінде, кіші әріппен қысқартылып жазылады. Мысалы: *pdf - Portable Document Format, gsm - Global System for Mobile Communications.*

§23 Жарнама мәтінінде ұлттық валюта - “теңге” атауын *тенге, тнғ, тғ, т* түрінде жазу қате және бұлай қысқартып беруге болмайды. Теңге атауын қысқарту үшін теңгенің ресми таңбасы - ₸ пайдалануды ұсынамыз.